ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№23 (3751)
1 сәуір 2025

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЛЕГИОНЕРЛЕР ҮМІТТІ АҚТАҒАН ЖОҚ

Еліміздегі жоғары жетістіктер сапындағы ұлттық құрамаларға легионерлерді тартуға шек қойылмақ. Бүгінгі таңда Қазақстанда 14 футбол командасында легионерлер бар екен. Яғни, командаларда барлығы 325 ойыншы болса, оның 149-ы шетелдерден шақыртылған футболшылар.

(Жалғасы 5-бетте)

ТҰЛҒА

КЕҢ ҚҰЛАШТЫ ЗАҢГЕР КЕМЕЛ ЖАСТА

Ел-жұрт өзі сүйетін перзентін мәңгі аттың үстінде, тұғырлы қалпында, қынабынан суырылған қылыштай өткір, іліп түсер алдаспандай айбатты, жасындай жарқылдаған от бейнесінде көргісі келеді. Өйткені, жақсы адамның жасына жас қосылған сайын, тұлғасы дараланып, келбеті айшықталып, көштің алдында жүрер кемеңгерге айналады.

«Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе, қайрап ап қалың жауға сермегендей» деп халықтың арда ұлының бірі Мәди сері айтпақшы, жас шағынан-ақ заң саласына болашағы үлкен заңгердің келгенін айқын танытып, басқасы басқа, еліміздің Ата Заңының негізін салып, қалыптастырған, ел заңнамасының атасы атанған Салық Зимановтың көзіне түсіп, ақ батасын алған тұғыры биік, салиқалы заңгер, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Досжан Сарманқұлұлы Әмір жұртшылықтың құрметі мен ілтипатына бөленген айтулы тұлғаның бірі. «Жақсының жүрген жері – абат» демекші, өзі араласқан ортада орынды іс, оңтайлы қызметімен ерекшеленген Досжан Сарманқұлұлы білікті заңгер ретінде тәуелсіз елінің кем-кетігі мен жоқ-жітігін түгендеп, ел заңының пәрменін арттыруға жанын салған қайраткер.

(Жалғасы 3-бетте)

БАСТАМА

СОТТАҒЫ АУДАРМА ҚЫЗМЕТІ МЕН ТӨЛЕМІНЕ ҚАТЫСТЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Соттағы аудармашылар қызметіне төленетін қаламақының аздығы біраз уақыттан бері талқы тақырыбына айналған еді. Көпшілікті алаңдатқан осы мәселеге қатысты оң өзгерістің орын алғанын айта кеткен артық болмас.

2024 жылғы 25 шілдедегі №601 Қазақстан Үкіметі бекіткен жаңа қаулыға сәйкес, аудармашы қызметіне ақы төлеу тәртібін реттейтін Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 25 ақпандағы №152 қаулысының күші жойылды.

Бұрын азаматтық істерге қатысатын аудармашыларға қазақ, орыс және басқа тілдерден Батыс Еуропа тілдеріне жазбаша жасалған бір беттік аудармасы үшін 5 АЕК; ал Батыс Еуропа тілдерінен қазақ, орыс тілдеріне жасалған бір беттік аудармаға 1/2 АЕК төленетін. Сондай-ақ ауызша аударма үшін сағатына 1/10 АЕК қарастырылған еді.

Өз кезегінде, аудармашылар азаматтық істер бойынша төлемнің төмен құнына байланысты сот отырыстарына қатысудан бас тартатын. Мұның бәрі сот төрелігін жүзеге асыру сапасына теріс әсер етеді, істерді қараудың процестік мерзімдері созылып кетеді.

Енді Үкімет бекіткен жаңа ережеге сәйкес осы төлемдер көлемі толық өзгерді. Аудармашыға берілетін қаламақы мөлшері Үкіметтің 2014 жылғы 9 қазандағы №1070 қаулысына сай берілетін болды. Яғни, азаматтық істердегі аудармалар төлемі қылмыстық істердегі аударма төлемімен теңесті.

Жоғарыдағы қаулыда аудармашыларға сыйақы жазбаша аударманың 1 парағы (2000 белгіге дейін) немесе ауызша аударманың бір сағаты есебінен белгіленген болатын:

1) орыс тілінен қазақ тіліне (және керісінше) – АЕК-тің екіден бірінен аспайды;

2) батыс еуропа, түркі және басқа тілдерден орыс немесе қазақ тілдеріне (және керісінше) аудару – бір АЕК-тен аспайды деп айқындалды.

Жаңа төлемдер жүйесі аудармашылардың жұмыс жағдайын жақсартып, олардың сот процестеріне қатысуын ынталандырады деп күтілуде. Аудармашылардың сапалы қызмет көрсетуі сот төрелігінің әділдігі мен жылдамдығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Мадияр БҮРКІТ,
Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Ақмола облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары

Төлем алу тәртібі:

Аудармашылар төлемді сот шешімі негізінде алады. Ол үшін департаменттің қаржы қызметіне төмендегі құжаттармен өтініш беру керек (іс жүзінде соттар өздері жібереді):

- аудармашының арызы;
- төлем туралы сот актісі;
- жеке куәлік;
- банктік шот нөмірі.

Қаржы қызметі соманы тексереді және ақшаны 10 жұмыс күні ішінде төлейді.

Ал біз өз тарапымыздан аудан әкімдері мен барлық мемлекеттік органдарға аудармашы болуға лайық үміткерлер туралы ақпарат жинау мақсатында хат жолдаған болатынбыз. Сонымен қатар, аударма бюроларымен байланысып, олардан үміткерлер тізімін жинадық. Бұл тізімдер аудандық соттарға жолданады. Осылайша, аудармашылардың қызмет көрсету сапасын арттыру және олардың санының жеткілікті болуын қамтамасыз ету жоспарлануда.

Аударма төлемдерінің өсуі осы саладағы мамандар үшін қосымша ақша табуға тамаша мүмкіндік екені даусыз.

4-бет

Мұраны қабылдау реті

5-бет

Заңсыз көші-қонға бақылау күшейеді

8-бет

Жебір

ОҢ ҚАДАМ

САЙЛАУ – ТӨРАҒА БОЛАМ ДЕП ТАЛПЫНҒАН СУДЬЯЛАРҒА КЕРЕМЕТ МҮМКІНДІК

Қызылорда облыстық сотында өткізілген кеңейтілген кеңесте Жалағаш және Сырдария аудандық соттарының төрағасын сайлау мәселесі қаралды.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңына өзгерістер енгізіліп, осыған байланысты аудандық соттардың төрағаларын сайлаудың жаңа әдісі енгізілді. Бұл үрдіс төраға болам деп талпынған судьяларға оң мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде аудандық соттардың төрағаларын дауыс беру арқылы сайлау сот жүйесінің демократияға негізделгенін көрсетеді. Дауыс беру арқылы сайланған аудандық соттың төрағасы сот жұмысының қыр-сырын жақсы білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, судьялар қауымы сенім білдіретін тұлға болуы мүмкін. Соның нәтижесінде, білдіреді. Әрі қарай, аудандық соттардың төрағаларын тағайындауды дауыс берудің қорытындысы бойынша кеңейтілген жалпы отырыста дауысты көп жинаған кандидаттардың қатарынан Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жүзеге асырады.

Сайлау нәтижесінде облыстың барлық судьяларының таңдауынан өткен адам ғана төраға болып тағайындалады. Бұл ретте, облыс судьялары таңдаған кандидаттардың тізіміне өзгеріс енгізілмейді.

Жоғарыда аталған заңның 31-бабының 5-тармағына сай жергілікті және басқа да соттардың төрағалары бес жыл мерзімге төраға қызметіне лайықты, беделді және тәжірибелі судьялар сайлана алады.

Бұл ретте төраға лауазымына кандидаттарға тең құқық қамтамасыз етіледі. Дауыс беру рәсімі – кандидаттарды іріктеудің негізгі бөлігі. Оған бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың судьялары қатысып, өз таңдауларын жасайды.

Осы жолы Жалағаш аудандық сотының төрағасы лауазымына 4 кандидат, Сырдария аудандық сотының төрағасы лауазымына 9 кандидат ниет білдірген екен. Кеңейтілген жиын барысында судьялар қазіргі таңда бос тұрған лауазымдарға ниет білдірген кандидаттарға жасырын түрде дауыс берді. Жасырын дауыс болған соң әр адам өз пікірін нақты тағайындалады. Тек облыстық соттардың төрағалары мен алқа төрағалары өздері атқаратын лауазымға екі реттен артық тағайындала алмайды. Ал, аудандық соттардың төрағаларына мұндай шектеу жоқ. Жыл өткен сайын судьялар мен сот төрағаларына қойылатын талаптар күшейіп келеді. Әсіресе, білім, біліктілік, кәсіби және моральдық қасиеттер басты орында. Төраға болғанның жөні тек төр менікі деу емес, үлкен жауапкершілікті мойныңа арту екені белгілі.

Ал, соңғы уақыттағы аудандық сот төрағасын сайлаудың мұндай механизмі білікті азаматтарды таңдауға мүмкіндік беретіні анық.

Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы

ПАЙЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында «Теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деп жаңа институтты жандандыруды құзырлы орындарға қатаң тапсырған еді.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Осыған орай 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізіліп, ол бойынша облыс орталықтарынан құрылған жаңа әкімшілік соттар өз жұмысына кіріскен болатын.

Міне, әкімшілік әділет институтының тәжірибеде қолданылып келе жатқанына үш жылдан астам уақыт өтіп, еліміздің барлық облыс орталықтарынан ашылған әкімшілік соттарда бірыңғай тәжірибе қалыптасып үлгерді. Аталған кодекстің азаматтардың құқығын қорғауда әлі де нәтижелі, барынша пайдалы болуы үшін құжаттың артықшылығын таныстыру, түсіндіру мақсатында кодекстің негізгі басымдықтарын насихаттау жалғасуда.

Жалпы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қоғамға, сот саласына әкелген жаңалығы көп. Кодекс халық пен заңды тұлғалардың сотқа талап қою берудегі әрекеттерін әлдеқайда жеңілдетті. Мәселен, талап қоюшының міндеті – әкімшілік орган тарапынан өзіне қатысты бұзылған құқықтар немесе мүдделер туралы талап қою, ал әкімшілік орган – сотта талап қоюшыға қатысты ауыртпалық салатын әкімшілік актіні шығару себебін негіздеп беруі тиіс. Яғни, енді дәлелдеу ауыртпалығы әкімшілік органдарға жүктелген.

Ал, бұрын жария-құқықтық дауларда жеке және заңды тұлғалар әкімшілік органдардың әрекеті не әрекетсіздігіне дау айтқанда өз сөзін дәлелдеу қажет болатын. Тіпті талап қоюшы жеке адамдар көптеген құжаттар жинап әбігерге түсетін еді.

Сондай-ақ, әкімшілік істерді шешуде соттың белсенді рөлі қағидатының енгізілуі де елеулі өзгерістің бірі деп айтуға болады. Өйткені, істің мән-жайларын толық анықтау үшін дәлелдеме жинау кезінде белсенділік танытып, талаптардағы қателіктерді жоюға көмектеседі. Тиісті органдардан қажетті құжаттарды алдырады. Бұған қоса судьяға, қаралып жатқан іс бойынша заң тұрғысынан өзінің алдын ала пікірін айту құқығы да берілгені құптарлық жағдай. Осындай тиімді өзгерістер, құқықтық сауаты әлсіз қарапайым адамдар үшін тиімді болып табылады.

Тағы бір халық игілігі үшін тиімді тұсының бірі – тараптарды татуластыру. Бұрын дауласқан бір тарап мемлекеттік орган болған жағдайда татуластыру келісімін жасауға жол берілмейтін. Ал, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс осы талапты өзгертіп, тараптардың әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешімін шығарғанға дейін, жауапкердің әкімшілік қалауы болған жағдайда татуласуына мүмкіндік берген.

Осы тұста аудандық сотта Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс аясында су тасқыны кезінде келтірілген материалдық шығындарды төлеуден бас тарту туралы Қызылқоға ауданы әкімінің аудандық комиссиясының хаттамалық шешімін заңсыз деп тану жөніндегі 2 әкімшілік талап қою ісі қаралып, тараптардың ортақ мәмілеге келуіне байланысты татуласуына қол жеткізілген.

Қорыта айтқанда, әкімшілік әділеттің қолданысқа енгізілуі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, жария-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеуге және мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға зор септігін тигізді. Сондай-ақ, сот жүйесінің беделін арттыруға, сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға мол мүмкіндік берді.

Айдын БАЙНАЗАРОВ,
Қызылқоға аудандық сотының төрағасы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

БАСТАМА

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінде Қытай-Орталық Азия құқығын анықтау және зерттеу орталығы – Қытай-Қазақстан құқықтық зерттеу орталығы ашылды. Аталған іс-шараға әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Басқарма төрағасы-ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ қатысты.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Құқықтық зерттеу орталығының ашылу салтанатына Қытайдан келген Солтүстік-Батыс саясаттану және құқық университетінің партия хатшысы Чжао Вандун; Халықаралық құқық мектебінің деканы, Құқықтық сараптама және зерттеу орталығының атқарушы директоры Лю Яцзюнь; Ұлттық қауіпсіздік мектебінің деканы, Орталық директоры Шу Хуншуй; Академиялық істер департаментінің директоры Ли Дайонг; Халықаралық алмасу және ынтымақтастық кеңсесі директорының орынбасары Чен Мэнци; Ұлттық қауіпсіздік мектебінің оқытушысы, аудармашы Ван Иньцзянь; Конфуций институтының директоры Рахымжан Асылбеков және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Заң факультетінің басшылығы, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері, ғалымдар мен студенттер қатысты.

Салтанатты шарада сөз алған ректор Жансейіт Түймебаев: «Тараптар екіжақты серіктестікті арттыруға бағытталған келісімге қол қойды. Меморандум аясында академиялық ұтқырлық бағдарламасы іске қосылады, сондай-ақ ортақ ғылыми жобалар жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, қос тарап құқық саласы бойынша тереңдетілген зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе алмасады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қытай университеттерімен тығыз қарым-қатынаста. Соның бір дәлелі ретінде оқу ордасының базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы іске қосылды.

Қытай тарапынан Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер ҚазҰУ-ға орнатылды. Бұл әлем бойынша үздік 600 суперкомпьютер тізіміне кіреді. Қытай ғылым академиясының Экология және география институтымен бірлесіп «Қашықтықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы ашылды. Біздің басты мақсат – Қытай жоғары оқу орындарымен серіктестікті арттыру.

Болашақта екі университет заң, құқық салалары бойынша тығыз жұмыс істеп, тәжірибелерімен бөліседі деп сенемін. Сондай-ақ, Орталық Қазақстан мен Қытай арасындағы құқықтық саладағы әріптестікті одан әрі нығайту, бірлескен ғылыми жобаларды жүргізу, академиялық ұтқырлықты дамыту және халықаралық деңгейде білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін үлкен алаңға айналады. Орталықтың жұмысы болашақ заңгерлер мен ғалымдардың кәсіби біліктілігін арттырып, құқықтық зерттеулер мен инновацияларға тың серпін беретініне сенімдімін» деп жүрекжарды лебізін жеткізді.

Өз кезегінде сөз алған, Солтүстік-Батыс саясаттану және құқық университетінің партия хатшысы Чжао Вандун білім ордасының басшылығына ризашылығын айтып, қос университет арасындағы ынтымақтастықты жандандыруға ықыласты екенін жеткізді.

Орталық заң саласындағы білім, зерттеулер және озық тәжірибелер алмасу алаңы ретінде қызмет атқаратын болады. Бұл академиялық қоғамдастық үшін де, жалпы қоғам үшін де үлкен пайда әкелетіні сөзсіз. «Қытай-Қазақстан құқықтық зерттеу орталығының» басты мақсаты: Қазақ Ұлттық университетінің заң факультеті мен жалпы академиялық қауымдастық үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу.

Құқық салаларында пәнаралық ғылыми жобалар жүргізу, зерттеу материалдарымен алмасу және рецензияланатын ғылыми журналдарда бірлескен мақалалар жариялау; студенттер, магистранттар мен докторанттарға арналған академиялық ұтқырлық бағдарламалары, ғылыми тағылымдамалар, семинарлар мен конференцияларға қатысу, сондай-ақ екі университеттің оқытушылары үшін дәрістер оқу және тренингтер өткізу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету; бірлескен магистрлік және докторлық бағдарламалар құру арқылы білім беру бағдарламаларын дамыту, қытай және қазақстандық ғалымдардың озық тәжірибесі мен зерттеулерін ескере отырып, жаңа пәндер мен арнайы курстар енгізу; құқықтық зерттеулер мен инновациялық жобаларды қолдау үшін гранттар мен инвестициялар тарту болып табылады.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор

КЕҢ ҚҰЛАШТЫ ЗАҢГЕР КЕМЕЛ ЖАСТА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Саналы өмірін сот саласындағы іргелі реформаларды сәтті жүзеге асыруға арнаған білікті заңгердің әділетті қоғам орнатудағы үлесі қомақты. Сот жүйесінің саңлағы атанған Досжан Әмір пайғамбар жасына үлкен мерей, үздік нәтиже, тамаша жетістіктерімен жетті.

Еңбегінің зейнетін көрер жасқа келу – әрбір адамның арманы. Бұл жас күллі мұсылман баласы үшін қадірменді жас, Мұхаммед пайғамбардың өмірден өтуімен байланысты болғандықтан, иманға ұйыған қауым үшін 63 – қасиетті жас саналады. 63-тің белесіне шыққан Досжан Әмірдің биігі, ең алдымен, оның заңгерлік қызметімен өлшенеді. Оның өзгелерден ерекшелігі – заңгер ретінде халқының алдында барын сала еңбек етіп, өмірінің ең жігерлі, ең қуатты жылдарын сот саласына сарқа арнауымен байланысты.

Бұл уақыттар белгілі бір кезеңмен ғана өлшенбейді, оның қырық жылға жуықтаған заңгерлік қызметі халқының көз алдында жария түрде, заң мен соттың жауапты салаларында өткен екен. Яғни, Досжан Әмір заңның босағасынан сығалап кіргеннен, табалдырығында аялдап, тыпырлап, бір орында тұрып қалмапты, төрінен бір-ақ шығып, биік мінбелерден заңның қайнап тұрған ең өткір мәселелерін қозғапты. Ата Заңымыздың тұрақтылығы, халықпен неғұрлым етене қарым-қатынасқа қол жеткізу, сот істерінің ашық жариялылығы, заң мен сот салаларында мемлекеттік тілдің аясын мейлінше кеңейту, алдыңғы тәжірибелі буын мен жас буын заңгерлер арасындағы үздіксіз байланыс, үйрену мектебін қалыптастыру, кеңес дәуірінде оты өшуге айналған халықтық дәстүрлерімізді жаңғырту, би-шешендер тағылымын қолданысқа енгізу, көне билер институтын қайта өрістету, алқабилер қызметін дамыту – айта берсең Досжан Әмірдің мұрындық болуымен межесіне жеткен істер жетерлік. Міне, осы толып жатқан, жанып тұрған күрделі мәселелердің бел ортасында Досжан Әмір еркін жүрді, әлдекімдерше бұғынып, бой тасалап қалған жоқ, ер қайратын танытып, биік мінбелерден, жаны күйіп шырқырап өткір сынын білдірді. Оның ой-пікірін, көзқарасын жалтақсыз, ашық айтуы, бәлкім бәзбіреулерге ұнады, ұнамады. Бірақ, турашыл заңгер ешкімнің қас-қабағына қарап, мәймөңкелемеді. Төтесінен тіліп айтты, маңдайдан тура соққандай қасқиып тұрып, жарып айтты. Әрине, ананың ақ сүтімен біткен Досжанның турашылдығы, ар тазалығы, әділетке шырылдап ара түсуі заң корифейлерінің көзіне түспей қалған жоқ. Қайрат Мәми, Мұсабек Әлімбеков, Бекет Тұрғараев, Ақжан Ештай секілді шоқтығы биік заң майталмандары оған тілектес, ниеттес болып, ақыл қосып отырды. Осындай ағаларының дем беруі оның жігерін жани түсті, өз ісіне деген құлшынысын арттырды. Осылайша, әуелгіде көптеген қиындық-кедергілермен басталған заңгерлік қызметі бірте-бірте арқандай ширатылып, күрмеуі тарқатыла, шешіле түсті. Халқымыздың «көз – қорқақ, қол – батыр» деген мәтелінің тауып айтылғанына Досекеңнің өмір жолы дәлел.

Досжан Сарманқұлұлының керуен көшінің көлікті де жемісті болғандығын және оның еліміздің көрнекті үш облысында алқа төрағасы қызметін атқарса, үш облысына кезекпе-кезек сот төрағасы болып абыройлы еңбек еткенін атап өтпеуге болмайды. Соның барлығы да дүбірлі, мазмұнды, мағыналы жолдар екен.

Досжан Әмір асып өткен көш-керуен сапарларына көз салғанда, асқан ізденімпаздыққа толы, күрделі қайшылықтардан құралған, ыстық-суығы, ащысы мен тұщысы, сәттілігі мен сәтсіздігі қатар өрілген, мазасыз болғанымен, берері мол болған тынымсыз заңгерлік жолдардың сілемін аңғарар едік. Мұның барлығы ұшы-қиырына жетіп болмастай дүбірлі, дабыры мол нәтижелі жылдар еді! Қарап отырсақ, Досжан Сарманқұлұлы бұл айтулы кезеңдеріне өмірінің ең жалынды-жігерлі, оттай қызған жылдарын арнапты. Сонысына орай, аламан бәйгелі, толағай табысты, дүбірі алыстарға жеткен ізденісті, жемісті жаңалықтарға толы кезеңдері аз болмапты.

Досжан Сарманқұлұлы осы жасына дейін басып өткен қызмет жолдары өз алдына, талай ел мен жердің тарихына терең бойлапты, сол арқылы өлшеусіз зор тағылым алыпты. Жан-дүниесі толыса түсіп, рухани байып, көкірек сарайы қазыналы қариядай жанға айналыпты, телегей-теңіз өреге қол жеткізіпті. Барған жерінде төңірегіне кіл жақсы мен жайсаңды жиыпты.

Сол елдің кеудесі алтын сандықтай қарттары мен жұрт бастаған көсемдерін іздеп тауыпты, сол арқылы топырақтың тамырына бойлап, тереңіне үңіліпті, қасиетін таныпты. Бұл дегеніңіз Досжандай кемел тәрбие көрген көрегенді ел перзентіне жаратқан иеміздің өзі ыңғайлап, орайын келтіріп берген зор мүмкіншілігі болатын. Басқа-басқа, Досжандай өнегелі ұлан мұндай шексіз мүмкіншілікті құр өткізбеді, өзі үшін де, елі үшін де барынша тиімді, пайдалы істердің басы-қасында жүрді.

Ол өзі құлай сүйетін елі мен жерінің тарихы мен шежіресіне молынан сусындап қана қоймай, сол қызмет еткен өңірінің айтулы тұлғалары, би-шешендері, ақындары мен абыздары туралы кең ауқымды іс-шараларға мұрындық болды, мерейтойлық түрлі сипаттағы конференциялар өткізді. Ашығын айтуымыз керек, бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін нағыз көшбасшылық сұңғылалық болатын. Әрі мұндай терең ізденімпаздықпен қоса, биік танымдық өре, жасампаздық ұлағаты жатқандығы сөзсіз. Әйтпесе, қай өлке, қай өңір болсын, еліне заң мен сот істерін басқаруға келген азаматқа: «біздің еліміздің тарихына бойлаңыз, ізденіңіз, зерттеңіз, шаралар өткізіңіз, жарыққа шығарыңыз!» – деген талап қоя алмасы белгілі. Бұл Досжан Сарманқұлұлының жүрек қалауы, жүрегінің үніне құлақ асуы болатын.

...өзі құлай сүйетін елі мен жерінің тарихы мен шежіресіне молынан сусындап қана қоймай, сол қызмет еткен өңірінің айтулы тұлғалары, би-шешендері, ақындары мен абыздары туралы кең ауқымды іс-шараларға мұрындық болды, мерейтойлық түрлі сипаттағы конференциялар өткізді. Ашығын айтуымыз керек, бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін нағыз көшбасшылық сұңғылалық болатын. Әрі мұндай терең ізденімпаздықпен қоса, биік танымдық өре, жасампаздық ұлағаты жатқандығы сөзсіз. Әйтпесе, қай өлке, қай өңір болсын, еліне заң мен сот істерін басқаруға келген азаматқа: «біздің еліміздің тарихына бойлаңыз, ізденіңіз, зерттеңіз, шаралар өткізіңіз, жарыққа шығарыңыз!» – деген талап қоя алмасы белгілі. Бұл Досжан Сарманқұлұлының жүрек қалауы, жүрегінің үніне құлақ асуы болатын.

Міне, нақ осы қасиеттері біздің кейіпкерімізді ұшпаққа шығарды, елі мен жұртының шексіз ілтипаты мен ықыласына бөледі. Оның бойындағы осындай озық оқшау қасиеттерін тез аңғарған жергілікті халықтың оған деген құрметі аса жоғары болды. Оның үстіне, Досжанның қарапайым қалпы, кішіпейіл, көпшіл мінезі де оларды жақын тартып, баурай түсті.

Досжан Сарманқұлұлы асқаралы алпысына толғанда, оны құрметтейтін біраз азаматтармен тізе қосып, аса мәртебелі заңгердің шашбауын көтерісіп, ол туралы сүбелі еңбектер жариялануына атсалысып едік. Осы ретте маған аса мәртебелі академик-ғалым Өмірзақ Озғанбай ағамыздың берген бағасы өзгелерден көш ілгері айтылған оқшау пікір-көзқарас болып көрінді. Досекеңнің ғалым досы шын мәніндегі нағыз ғалымдық көзқарасын білдіріп, ғажайып түйін жасағаны ойымнан кетпей, үнемі санамда жаңғырып тұрады: «Зерделей қарасақ, төрт саны мифологиялық пайымдауда тұрақтылық, тұтастықты білдіреді екен, яғни, төрт саны дүниенің төрт бұрышы – оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс емес пе?! Олай болса, біз тілге тиек еткелі отырған Досжан Сарманқұлұлы да байтақ еліміздің төрт қиырына – Шығысқа да, Батысқа да, Солтүстікке де, Оңтүстікке де танымал азамат...», – дей келе, ғалым оған жаратқанның берген осы мүмкіншілігі мен сыйы текке кетпегендігіне, оның қай өлкемізде де зор бедел мен құрметке ие екендігіне тоқталған болатын.

Иә, біздің ойымызша да осылай, жаратқан иеміз әр пендесіне өзінің табиғи бітім-болмысына сай, түйсік-танымына сәйкес, адамшылық мінез-құлқына қарай, орайластырып тағдырын үйлестіретін көрінеді. Азды-көпті араласа жүргенде немесе сырттай байыптап, зерделей жүргенде анық аңғарғанымыз – ол өзі сот төрағасы қызметін атқарған қай облыс, қай өлкеде жүрсе де, өзін сол аймақтың төл баласындай сезініп, кім-кімдерді болмасын, бауыр тартып, емен-жарқын араласып, судағы балықша еркін ұстайды екен. Және сол аймақ, өңір халқы Досжан Сарманқұлұлын даусыз өз топырағының перзентіндей қабылдайтыны да шындық.

Бұған қатты мән беретініміз, жасыратыны жоқ, өзге өлкеге аяқ басқанда, өзгеше менталитет, салт-дәстүр сипатын байқағанда тосырқай қалатынымыз бар. Досекеңе, қай сипатты, қандай мінез-құлықты қазақ болса да бәрібір, бір жылдары жоғалтып алған бауырымен табысқандай шұрқырасып, жөн сұраса кетеді. «Жақсыда жаттық жоқ» деп қазағым осындайдан шығарып айтса керек.

Кісіні тануы қандай, іші-бауырына кіре білуі қандай, алғаусыз сыр тарта білуі қандай! Біздіңше, бұл нағыз сарабдал сыншылық сұңғыла қасиет бұрынғының кемел би-шешендерінен жұғысты болған, бірақ әркімдерге тән емес, Досжан Сарманқұлұлы секілді озық туған біртуар бітім-болмысты сирек перзенттеріміздің бойынан табылар. Егер аймаңдайлы марғасқаларымыз толып жатса, осыншалық қадірі білінер ме?! Міне, ел мен жер көрудің, араласудың ұшан-теңіз пайдасы дегеніміз осы!

Шіркін, ел тізгінін осындай азаматтар ұстаса, халық сөзін осылар айтса, шешуші пікірді де нақ осындай азаматтар айтар болса дегендейсің. Өйткені, ел мен жерді көру бар да, оны қабылдау бір басқа. Ал Досекеңдей жүрген өлкесіне өзінің төл баласындай сіңе білу, сол топырақтың шынайы қызметшісіне айнала білу, барынша адал жүрекпен ықылас-пейіл білдірушілік, ел сеніміне ие болу – екінің бірінің пешенесіне бұйыра бермейтін қасиет болса керек. Бұл, сөз жоқ, адамның адамына бітетін, кісіліктің биік үлгісі дерлік дара қасиет.

Жоғарыда тілімізге тиек еткен Өмірзақ Озғанбайдай абыз ақсақалымыздың Досжан тағдырымен дүниенің төрт тарабын ғажайып сәйкестікпен үйлестіруі, оған жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан марғасқамыздың кісілік келбетінің орайласуы жан-дүниемді толқытып, әлдебір жұмбақ сырлы, тылсым дүниенің әлеміне бойлағандай күй кешіп, содан замандасымыздың оқшау тұлғасын елестеткендей болып ем, мына бір толғамды жырлар туындады:

Төрт тарапты түгел шолған төбе би,
Төрт қиырды шиырлаған тура би,
Төрт құбыласын түгендеген терең би,
Төбедегіні келтірген, ел таныған тұлға би!
Көсілгенде, кең сарайдай көсемім,
Шамырқанса, шалып түсер шешенім!
Көкірегі күмбірлеген тереңім,
Төрелігін тіліп айтқан төбелім!
Шашасына шаң жұқтырмас тұлпарым,
Заңғар шыңды бағындырған сұңқарым!
Көкте жүзіп, биік шолған қыраным,
Шырқап шауып, шалдырмаған құланым!
Талай жерді басып өткен жампозым,
Талай елді шарлап жүрген жайсаңым!
Тау суындай тасқындаған дариям,
Сұңқылдаса, көне бидей қариям!
Ақтарылса абыз дерлік әйгілім,
Дауды шешсе, жорғалаған даңғылым!
Топқа түссе, дара шығар дүлдүлім,
Бойы тартқан тарамыстай тұйғыным,
Жаратқаннан қалап алған сыйлығым!
Қия беткей, жарға біткен жалбызым,
Шың басында құлжадайын жалғызым!
Кемерінен асып толған кемелім,
Өз ісіне шарболаттай еменім!
Би ішінде мойны озық төбе би,
Атқан оқтай, түзу сөзді жебелім!...

Қолымыздан келгенінше, жақсының – жақсылығын әділетпен жеткізгіміз келеді. Кейде, қара сөзіміз қарадүрсінділеу болып бара жатса, қазақтың қасиетті қара өлеңі көк қаршығадай серпіліп, бойымыздан дүрк етіп көтеріліп, көмекке келіп қалады, мені айт, мені айт деп мазалағандай болады. Мінсіз болмас, бірақ, көмейіңе келіп тіреліп, түрткілеп тұрған ойды кері қайтару обал секілді. Өйткені, мұндайда теріс ой емес, жақсы ойлар сыртқа шыққысы келері анық. Жақсылыққа жаршы болу – адамзаттық ұлы мүдделердің ең биігі.

Осыдан болуы керек, біз танып-білгенді өзгелер неге көрмесін, өткен жылдың соңына таман, Досжан Сарманқұлұлы Әмір Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағалығына сайланғанда оны білетін тілеулестері қатты қуанды. Ол бұл белеске өзінің шын мәніндегі маман, кәсіптік іскерлігімен, жеке басының озық қадір-қасиеттерімен жеткеніне еш күмәніміз жоқ.

Әріптестері мен тілеулес жанашырларының арасында зор абырой, беделге ие Досжанның отбасы туралы да айрықша ілтипатпен айтар едік. Әсіресе, Досекеңнің оң қолы, ең бірінші қамқоры, сүйген жары Кенжегүл замандасымыз туралы үлкен құрметпен айтқан жөн. Осындай жанын ұғар жар тапқан Досекеңнің де бақыты өзгелерден оқшау екен!

Кенжегүл – Досекеңнің адал серігі, жан жары ғана емес, Досжаннан түлеген аяулы ұл-қыздардың қадірлі анасы. Ат жалын ерте тартып мінген Досжан үнемі түзде жүргенде, шаңырағына алаңдаған жоқ, отбасым қиналып қалар-ау деп мойын бұрған жоқ, өйткені, өзі сенетін, өзге шаруасының бәрін қалтқысыз атқаратына еш күмәнданбайтын Кенжегүлі жанын тыныш қылып отыратын. Міне, сол сеніскен көңіл, өзара ұғысқан сыйластық, шынайы сүйіспеншілік жалғасып келеді. Артында Кенжегүлдей мықты тірегі, сүйеушісі әрі жанын ұққан қолдаушысы тұрғанда Досекең де тұғырында аяғынан нық тұрып, қызметін сенімді жалғастыруда.

Сәуір таңдарымен бірге ататын Досекеңнің туған күніне де бірер шумақтар туып қалып еді, лебіз ешқашан артықтық етпес, естен тандырарлық оймен таң қалдырмаспыз, дегенмен, селт еткізер тіркестер қылаң беріп қалуы мүмкін:

Сіз келдіңіз, пайғамбардың жасына,
Шыңға шығып, Қаратаудың басына.
Бір белес қой, ел ағасы армандар,
Жия берші, кіл жақсыны қасыңа.
Табиғатқа құмарлығың – тазалықты аңсарлық,
Дала ұлының іздейтіні қайсарлық.
Көк бөрінің ұрпағына тән мінез,
Байқап сізден, таңырқасып, көз салдық.
Жасай берші, Көк Түріктің ұланы,
Дәуірінің биік самғар қыраны.
Ата Заңның шырақшысы, тірегі,
Заңын қорғар әділетшім қырағы.
Аманаттың жүгі, батпан, ауыр-ды,
Досжан-заңгер тартты берік айылды.
Ата Заңды шәкіртінің қорғарын,
Ұлы заңгер Салық ұстаз айырды...

Сөзімізді түйіндей отырып, біз Досжан Сарманқұлұлына зор денсаулық, отбасылық бақыт тілеумен бірге, көш-керуеніңіз ешқашан тоқырамасын, ғұмыр сапарыңыз ұзақ та қайырлы болғай дегіміз келеді! Өміріңіздің мағынасы мен мазмұны арта түсіп, ортаңыз тола берсін!

Дәулет ӘМІРҰЛЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

Уақыт ағымына қарай бүгінгі таңда соттарға сан сала бойынша арыздар өте көп түседі. Соған орай аудандық соттардың кәсіби ауқымы кең.

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК КЕПІЛІ – КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

Талап арыз қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Қажет болса аудармашымен қамтылады. Бірінші саты шешіміне, ұйғарымына, үкіміне, қаулысына қанағаттанбай наразылық білдірген тарап, сол істі қараған аудандық сот арқылы екінші саты – қалалық, облыстық апелляциялық сатыға, одан әрі кассациялық сатыға да жолдай алады.

Енді кәсіби біліктілік туралы айтсақ, судьяның білімі мен тәжірибесі ерекше рөл атқарады. Сот алды тыңдау, сот отырысындағы барлық мәселе талап арыз бойынша қойылған талапқа сай құжаттар толықтырылып, қаралатын істі анықтаудың процесс барысында мұқият зерделенуі үлкен маңызға ие. Бұл ретте судьяның әлеуеті, ары, әлбетте істі мұқият қарауға құлшынуы өте маңызды. Талапарызда қандай да бір шешімнің күшін жойып, заңсыз деп тану және сол шешімге қарсы екінші шешімді заңды деп тану мәселесі қойылса, судья сотқа арыз беру мерзімі өтіп кеткен деп ұйғарым шығаруы мүмкін. Заң баптарына сілтеме жасала отырып шығарылған ұйғарым апелляциялық сатыда күшінде қалуы тағы мүмкін. Сондықтан талап-арыз жазылғанда дәлелдер нақтылығы, қорғаушы табандылығы, әлбетте білімділігі мен тәжірибелілігі үлкен рөл атқарады. Шыны керек, «жұмыс уақыты аяқталды» деп судья бастаған ісін ертеңге қалдыра алмайды. Судьяға барлық істе үлкен жауапкершілік жүктелген. Сондықтан судьялыққа үмітті кез келген маман бұл салаға келерде оның ең алдымен үлкен жауапкершілік екенін түсінуге тиіс.

Бекболат ТАЖМҰХАН,
Наурызбай аудандық сотының судьясы,
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

АСЫЛ МҰРА

ЕЛДІКТІҢ ҚАСТЕРЛІ НЫШАНЫ

Қазақ тілін білу – әр қазақстандықтың парызы деп білемін. Еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге қазақ тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды, оның қоғамдық маңызы арта түсті.

Сот – құқықтық процеске нүкте қоятын ең соңғы саты екені, құқығы бұзылған адамның алдымен құқық қорғау органдарына, прокуратураға, адвокатқа, содан соң барып, сотқа келетіні мәлім.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың да рөлін естен шығармауымыз керек. Өйткені, мемлекеттік ұйымдар сотқа талап-арыздарын әлі күнге дейін, негізінен орыс тілінде жолдауда. Нәтижесінде, процестік заңнама талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі талап қою берілген тілде іске асырылуда.

Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстанда мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға міндетті.

Сот тәжірибесінде қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тілінің дұрыс таңдалмау жағдайлары да кездеседі. Оған, қылмыстық қудалау органдарының сотталушыға ҚПК-нің 30-бабының талаптарын анық түсіндірмей, өзіне түсінікті және ыңғайлы орыс тілінде жүргізуі себеп болуда.

Мәселен, 2024 жылдың шілде айында Ақтөбе қаласы №2 сотында бірнеше рет тонау қылмысымен айыпталған тұлғаға қатысты алдын ала тергеу кезінде іс жүргізу тілі ретінде орыс тілі таңдалып, күдіктіден жауап алынғандығы, кейіннен күдіктінің орысша жетік білмейтіндігі белгілі болып, сотта іс мемлекеттік тілде қаралды.

Атап айтқанда, сот тергеуінде тараптармен шақырылған куәлар сот ісін жүргізу тілінен бөлек (қазақ немесе орыс тілде) жауап беретін кездерде сот кәсіби аудармашының көмегіне жүгінуге мәжбүр болады. Бұл өз кезегінде сот отырысын кейінге қалдыруға әкеп соғады. Сондықтан, сот жүйесінде аудармашы лауазымын қарастыру ұсынылады.

2022 жылғы 23 желтоқсанда ҚР Жоғарғы Сотымен өткізілген «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты конференциядағы 27 ұсынысы жүзеге асыру мақсатында одан кейін Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы облыстық прокуратура, адвокатура, құқық қорғау органдарының бірінші басшыларының қатысуымен «Мемлекеттік тілдің қылмыстық құқық жүйесінде қолданылуы» деген тақырыпта үлкен дөңгелек үстел ұйымдастырған болатын. Облыстық сотта ана тіліміз-ге қатысты маңызды мәселелер талқыланып, жергілікті соттарға мемлекеттік тілде қаралған қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің санын арттыру бойынша тапсырмалар берген болатын. Бүгінгі күні Ақтөбе облыстық сотымен қылмыстық істердің тек мемлекеттік тілде қаралуына басымдық беріліп келеді.

Осы бағытта Ақтөбе қаласының мамандандырылған тергеу сотында да жұмыстар атқарылып келеді. Атап айтқанда, тергеу сотында тоқсан сайын құзырлы орган өкілдерінің қатысуларымен мемлекеттік тілге қатысты дөңгелек үстел немесе кездесулер жиі өткізіліп тұрады.

Жанар ИСАНАЛИНА,
Ақтөбе қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы

Тіл мәселесі мемлекет үшін аса маңызды. Мемлекеттік тілді жетік білу бүгінгі күні әр мемлекеттік қызметкердің Отан алдындағы борышы деп санаймын. Ендеше, «тоқсан рулы елдің дауын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеген» ата-бабаларымыздың дәстүріне сай жүйелі сөйлей білсек, бәрімізге де абырой. Ең бастысы, тіліміздің мәртебесі асып, заман талабына сай жаңжақты дами түссе нұр үстіне нұр болар еді.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖАНДАНУДА

Ел тұрғындарына түрлі мәселелерді шешуге көмек көрсету үшін құрылған Отбасын қолдау орталықтарының саны былтыр 65-ке жетті. 2022 жылы оның саны 34 болатын.

Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №256-НҚ бұйрығымен бекітілген «Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидалары» бойынша олар тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға ақпараттық, заңгерлік, психологиялық көмек көрсетеді. Сондай-ақ жұмысқа орналасуға, кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға көмек көрсетіп, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға жәрдемдеседі. Одан бөлек мемлекеттік қолдау шаралары мәселелері бойынша консультациялар беру; бір айға дейінгі мерзімге уақытша тұруды ұсыну шараларын жүзеге асырады.

Былтыр Астанада Отбасын қолдау орталықтары мен қиын өмірлік жағдайда қалған отбасыларды ерте анықтау бойынша мобильдік топтар қызметі бойынша жиын өткен болатын. Онда сәуір айында Әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заңның қабылдануы отбасы институтын нығайту мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда маңызды қадам болғаны айтылды. Заңның жаңа редакциясы Отбасын қолдау орталығы қызметіне де өзгерістер енгізген. Атап айтқанда, Отбасын қолдау орталықтарының бірыңғай желісі құрылып, отбасы мәселелерін шешуде кейс-менеджмент енгізілді. Жаңа тәсілде алдын алу шараларына баса назар аударылды. Қиын өмірлік жағдайда қалған отбасыларды ерте анықтау үшін Мәдениет және ақпарат, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер, Денсаулық сақтау министрліктерінің мамандарынан мобильдік жұмыс топтары құрылды. Онда сондай-ақ, 2025–2027 жылдары Отбасын қолдау орталықтарының санын 208-ге жеткізу жоспарланып отырғаны айтылды.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның 2022 жылғы жұмысы қорытындыланған кезде 2025 жылға дейін оның санын 234-ке жеткізіледі деп айтылған еді. Яғни, жыл сайын орта есеппен 40-50 Отбасын қолдау орталықтары ашылуы тиіс болатын. Алайда бюджеттегі қаржы тапшылығы бұл жобаны өз деңгейінде жүзеге асыруға кедергі келтірді. Соған қарамастан бұл бағытта өз жұмысын жүргізіп жатқан өңірлер де аз емес. Мәселен, мұндай орталықтар Алматы облысында былтыр Іле, Жамбыл, Райымбек аудандары мен Қонаев қаласында ашылды. 2023 жылы олар Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарында өз қызметін бастаған еді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

МҰРАНЫ ҚАБЫЛДАУ РЕТІ

Мұраны қабылдау – заңдық және әлеуметтік тұрғыдан күрделі процесс. Бұл процесс барысында мұрагерлер арасында түрлі даулар туындауы мүмкін.

ҚР «Мұрагерлік туралы» заңы мен Азаматтық кодекске сәйкес, мұрагерлікке байланысты даулар сот арқылы шешіледі. Мұрагерлік дау түрлері төмендегідей жіктеледі:

1. Мұрагерлікке құқықты даулауға байланысты даулар

Кейбір жағдайларда мұрагерлердің біреуі немесе үшінші тұлғалар мұрагерлікке құқығы бар екенін немесе керісінше, біреудің мұрагер болуға құқығы жоқ екенін дәлелдеуге тырысады. Мұндай даулар келесі жағдайларда туындайды:

• Өсиетнамада көрсетілген мұрагердің құқығына күмән туындағанда;

• Мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін жаңа мұрагерлер пайда болғанда;

• Мұраға құқығы бар деп санайтын тұлға ресми түрде тізімге енбей қалғанда.

2. Өсиетнаманың жарамдылығына қатысты даулар

Өсиетнама мұрагерлер арасында ең жиі дау тудыратын құжаттардың бірі болып табылады. Өсиетнаманың жарамдылығы келесі негіздер бойынша дауланулы мүмкін:

• Мұра қалдырушының өсиетнама жазу кезінде ақыл-есінің тұрақты болмауы;

• Өсиетнама куәгерлерсіз немесе нотариусыз рәсімделуі;

• Мұра қалдырушыға қысым көрсетіліп, өсиетнаманы еріксіз жаздырту;

• Өсиетнаманың қолдан жасалғаны немесе бұрмаланғаны туралы күмән.

3. Міндетті үлеске құқыққа байланысты даулар

Қазақстан заңнамасына сәйкес, мұра қалдырушы өз мүлкін кез келген адамға өсиет ете алады. Алайда, кейбір тұлғалар (кәмелетке толмаған балалар, еңбекке жарамсыз ата-аналар, асырауда болған тұлғалар) міндетті үлеске ие. Бұл міндетті үлеске байланысты даулар келесі себептерден туындайды:

• Өсиетнамада бұл тұлғаларға үлес бөлінбесе;

• Басқа мұрагерлер міндетті үлесті беруден бас тартса;

• Міндетті үлес көлемі дауға түссе.

4. Мұрагерлік мүлікті бөлуге байланысты даулар

Мұра бірнеше мұрагерге теңдей бөлінген кезде, олар өзара мүлікті қалай бөлісу керектігін шеше алмауы мүмкін. Бұл келесі мәселелерге байланысты туындайды:

• Мұрагерлер мүлікті тең бөлуді қаламаса;

• Мұрагерлердің бірі мұрадан бас тартқан жағдайда оның үлесі қалай бөлінетініне қатысты түсініспеушіліктер;

• Жылжымайтын мүлікті (пәтер, жер учаскесі) бөлісу қиындықтары.

5. Мұрадан шеттетуге байланысты даулар

Мұрагер кейбір жағдайларда мұрадан айырылуы мүмкін, мысалы:

• Мұра қалдырушыға қарсы қылмыс жасаған жағдайда;

• Мұрадан бас тартқанын мәлімдесе;

• Мұрагер өз міндеттерін дұрыс орындамаған жағдайда (мысалы, ата-анасына қарамаған, асырауға міндетті болған, бірақ көмектеспеген).

6. Мұрагерлікті қабылдаудың мерзімі мен рәсіміне қатысты даулар

Мұраны қабылдау үшін заңда белгіленген мерзім – 6 ай. Егер мұрагер осы уақыт ішінде өз құқығын рәсімдемесе, мұра мемлекетке немесе басқа мұрагерлерге берілуі мүмкін. Бірақ мұрагерлер келесі жағдайларда мұраға құқығын қайтарып алуға тырысады:

• Егер мұраны қабылдамағаны дәлелді себеппен болса (мысалы, ауыр сырқат, шетелде ұзақ болу);

• Егер басқа мұрагерлердің мүлікті заңсыз иемденгені анықталса.

Дауларды шешу жолдары

• Келіссөз жүргізу: мұрагерлер арасында бейбіт келісімге келу – ең оңай шешім.

• Нотариустың көмегі: нотариус арқылы мұраны рәсімдеу даулардың алдын алуға көмектеседі.

• Сотқа жүгіну: егер тараптар келісімге келе алмаса, сот арқылы дау шешіледі.

Мұрагерлік даулар көбінесе мүлікті әділетті бөлуге, өсиетнаманың заңдылығына және міндетті үлеске қатысты туындайды. Мұндай дауларды болдырмау үшін мұрагерлік рәсімдерін заң талаптарына сәйкес жүргізіп, нотариус пен заңгерлердің көмегіне жүгінген жөн.

Н. МЕДЕТОВ,
Хромтау аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

СЫЙЛАСТЫҚ – БЕРЕКЕ БАСЫ

Отбасының берекесі сол отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сыйластығынан тұрады. Қай заман болса да отбасындағы теңсіздіктің кесірінен нәзік жандарға қол көтеріп, шырқы бұзылған отбасылар жетіп артылады. Ол жерде кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екенін анықтап жатады. Ал түпкілікті қарасақ, оған жол бермей, алдын алуға әбден болады.

Сондықтан, отбасындағы ері мен әйелінің бір-біріне сыйластығы тепе-теңдікті ұстап тұруға мүмкіндік береді. Сыйластық кикілжіңді ашусыз шешуге жол береді.

Тіпті үйленіп, отау құрғаннан кейін жұбайларының жұмыс жасағанын қаламай, қарсы шығып, тек үй жұмысына бағыттап қоятындар бар. Гендерлік теңсіздік бар жерде сыйластық болмайды. Ол отбасындағы балалар қорқыныш үстінде өсіп, олардың дағдарысқа ұшырауына алып келеді. Сөйтіп, отбасының берекесі қашады. «Сөз – сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады?, Отбасының жанжалы, ішпеген шайдан туады. Ауыр жолдың азабы, жүк артар нардан туады» дегендей, барлығы бір сөзден туады.

Сондықтан отбасындағы гендерлік теңсіздікке жол бермей, ашуға бой бермей, сыйласып шешу жолдарын бірігіп қарастырған жөн.

А. НҰРБОЛАТҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЛЕГИОНЕРЛЕР ҮМІТТІ АҚТАҒАН ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Енді оларды шақыртып, бюджет және квазимемлекеттік секторлар арқылы жалақы төлеуге шек қойылады. Өйткені, легионерлердің 20 жылдан бері ұлттық құрамаларда ойнауы ойдағыдай нәтиже беріп жатқан жоқ. Сондықтан қазіргі таңда отандық спортшыларды қолдап, көбейтуге басымдық беріле бастады. Шеттен келген ойыншылардан үнемделген қаражат балалар спортын дамытуға жұмсалады. Бүгінде 8 аймақта салынатын әлемдік стандартқа сай стадион құрылысы жоспарланып жатыр. Оның бірінші Қызылорда облысында бой көтереді. 30 мың орындық стадион жергілікті қаражатпен салынады. Бұл жөнінде өткен бейсенбіде Сенаттың жалпы отырысында Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев мәлімдеді. Дәстүрлі жиында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» дайындалған заң бірден екі оқылымда қаралып, мақұлданған болатын. Жаңа құжат депутаттардың бастамашылығымен әзірленіпті. Оны отырыста сенатор Әсем Рахметова қорғады.

Соңғы уақыттарда ұлттық құрамалардың сәтсіздіктері қоғам тарапынан жиі сынға ұшырап келеді. Оның негізгі себебі спортты қаржыландыру жүйесінің ескіргендігі, спортшыларды іріктеудің дұрыс жүргізілмейтіндігі, спорттық медицинаның кенжелеп дамымай қалуы, жергілікті жерлердегі спорт мектептері мен ұйымдардың, ұлттық федерациялар мен олимпиада комитетінің арасындағы өзара жүйелі байланыстың болмауы жайлы биік мінберлерден аз айтылған жоқ. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт, сондай-ақ артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң осы бағыттағы реформаларды қамтыпты.

Жаңа құжат бойынша 2 кодекске, 5 заңға түзетулер енгізіліп отыр. Олар басым спорт түрлерін рейтинг негізінде емес, Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиа, Азия және Пара Азия ойындарында ұлттық құрама командалардың өнер көрсету нәтижелері бойынша қалыптастыру, республикалық және өңірлік спорт федерацияларын ұлттық спорт федерацияларына өзгерту, жоғары жетістіктер спортына жататын басым спорт түрлерін бірінші кезектегі тәртіппен қаржыландыруды жүзеге асыру, спорттық ойын түрлері бойынша кәсіби спорт клубтарын ұстауға лимиттер белгілеуді көздейді. Сонымен қатар Қазақстан азаматтары болып табылмайтын спортшыларды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға тыйым салу, спорт федерацияларын аккредиттеуге қатысты талаптар белгілеу, аккредиттелген спорт федерацияларына діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөнінде шаралар қабылдау міндетін белгілеу, бірыңғай оператордың қаржысына спорттық инфрақұрылым объектілерін салуға мүмкіндік беру де осы құжат аясында жүзеге аспақ.

> *...легионерлердің 20 жылдан бері ұлттық құрамаларда ойнауы ойдағыдай нәтиже беріп жатқан жоқ. Сондықтан қазіргі таңда отандық спортшыларды қолдап, көбейтуге басымдық беріле бастады. Шеттен келген ойыншылардан үнемделген қаражат балалар спортын дамытуға жұмсалады. Бүгінде 8 аймақта салынатын әлемдік стандартқа сай стадион құрылысы жоспарланып жатыр.*

Сол секілді уәкілетті орган республикалық мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының бірінші басшыларын, жергілікті атқарушы органдар жергілікті мемлекеттік дене шынықтыру спорт ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды іске асыру, спорттық іс-шараларға және халықаралық спорттық жарыстарға жіберу кезінде бірінші топтағы мүгедектігі бар спортшыны алып жүретін адамның шығындарын өтеу жөніндегі заңнамалық талап белгіленді. Бұдан басқа, спорттық медицинаны дамытуға бағытталған нормалар көзделген.

Спортшылардың мамандандырылған медициналық көмегін қамтамасыз ету, сондай-ақ спорттық медицина және оңалту саласында заманауи технологияларды енгізу мақсатында ұлттық спорттық медицина және оңалту ұйымын мемлекеттік кәсіпорын нысанында құру ұсынылды. Заң жобасы аясында спортшылар мен жаттықтырушыларға Мемлекеттік әлеуметтік қолдау көрсету тәртібіне де өзгерістер енгізілді. Бұл ретте Қазақстан азаматы болып табылатын және еліміз аумағында дене шынықтыру және спорт саласында кемінде жиырма жыл еңбек өтілі бар, Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері және олимпиадалық спорт түрлері бойынша Әлем чемпиондары атақтарын жеңіп алған спортшылар ескерілді.

Заңмен спорттық инфрақұрылымды дамытуға, спорттық кадрларды даярлауға, спорттық федерациялардың рөлін күшейту және оларды басқару жүйесін реформалауға, спорттық ғылым мен технологияларды дамытуға қатысты бірқатар түзетулер көзделген.

Ең маңыздысы халықаралық тәжірибенің негізінде, олимпиадалық спорт түрлерінің тізімі қысқарып, басым спорт түрлерін дамыту қолға алынатын болады.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев «Соңғы жылдарда елімізде спорт саласын дамытуға баса мән беріліп келеді. Президентіміз Ұлттық құрылтайдың IV отырысында спортты дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Бүгін қаралған заң – спорт саласын басқаруды жетілдіру бағытында іске асырылып жатқан маңызды қадамдардың бірі. Заңда спорт саласына бөлінетін бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ережелер қамтылды. Ұлттық спорт түрлері басым спорт түрлерінің қатарына қосылды. Спортшылар мен бапкерлерге мемлекеттік әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін жетілдіруге арналған жекелеген түзетулер де енгізілді. Мақұлданған заң салауатты өмір салтын насихаттауға, азаматтарды, әсіресе, балаларды спортқа баулуға және жоғары спорттық жетістіктерге қол жеткізуге оң септігін тигізеді деп сенеміз», – деді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

Сыртқы көші-қонның еліміздің әлеуметтік және экономикалық дамуына оң әсер етуі үшін бұл үдеріс тек бақылауда ғана емес, сонымен қатар оның оң және теріс жақтары жан-жақты талданып, қажетті шешімдер қабылданып отыруы тиіс. Мәселен, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегіне сүйенсек, былтыр Қазақстанға Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінен және өзге шет мемлекеттерден келген азаматтар тарапынан жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны артқан, бұл жағдай алаңдаушылық туғызады.

ЗАҢСЫЗ КӨШІ-ҚОНҒА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Нақтырақ айтсақ, ТМД елдерінен келген 1 783 азаматтың қылмыс жасағаны анықталды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,3 пайызға жоғары. Ал өзге елдерден келген 340 шетелдіктің қылмысы әшкереленіп, бұл көрсеткіш те 3,3 пайызға өскен.

Құқық қорғау органдарының мәліметіне сүйенсек, олардың арасында экстремистік не террористік ұйымдарға қатысы барлар, ұйымдасқан қылмыстық топтарға жетекшілік еткендер, кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалдық сипаттағы ауыр қылмыстар жасағандар, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сай еліне қайтарылған азаматтар да болған. Мұндай ахуал көші-қон заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттігін айқын көрсетеді. Бұл ретте шетелдік жұмыс күшін тарту ережелерін қайта қарау өзекті болып отыр. Мәселен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында жыл сайын заңды және жеке тұлғаларға квота белгілейді. 2023 жылы елімізге шетелдік жұмыс күшін тартуға 22 мың адамға (жұмыс күшінің 0,23 пайызы) квота бөлінді. Ал жеке тұлғаларға — үй шаруашылығында жұмыс істеуге 271,3 мың адамға (3,1 пайыз) квота берілген. Бұл көрсеткіштер жыл сайын азайып келеді. 2022 жылы бұл сан — тиісінше 22,2 мың және 296,7 мың адам болған. Ал 2024 жылға бекітілген квота 0,2 және 3 пайыз болып белгіленді. Алайда заңды тұлғалар үшін квота алу үдерісі күрделі. Жұмыс беруші жыл сайын 1 қазанға дейін жергілікті атқарушы органға өтінім беріп, шетелдік жұмыс күшіне қажеттілікті дәлелдеуі тиіс. Сонымен қатар, бірінші және екінші санаттағы қызметкерлердің (басшылар мен олардың орынбасарлары) 70 пайызы, ал үшінші-төртінші санаттағы (мамандар мен жұмысшылар) 90 пайызы отандық азаматтар болуы шарт. Бұған қоса, жұмыс беруші әр шетелдік үшін 90 күнге — 12 АЕК, 180 күнге — 24 АЕК, 270 күнге — 36 АЕК, ал толық бір жылға — 48 АЕК көлемінде салық төлеуге міндетті. Ал жеке тұлғаларға қойылатын талап анағұрлым жеңіл. Әр азамат үй шаруасына 5 шетелдікке дейін қабылдай алады және әрқайсысы үшін ай сайын небәрі 2 АЕК көлемінде салық төлейді. Осылайша, заңды және жеке тұлғаларға қойылатын талаптардағы алшақтық құқық бұзушылық пен жемқорлықтың туындауына себеп болуда.

Мысалы, кейбір кәсіпкерлер шетелдік жұмыс күшін тартудағы рәсімдердің күрделілігіне байланысты оларды туыстарының атына тіркетіп, құрылыс саласында жұмыс істетіп жүр. Былтыр ғана 1 200-ден аса жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдаланғаны үшін жауапқа тартылған. Бұл саладағы заңнаманың олқылығы шетелдік жұмыс күшін көлеңкелі табыс көзіне айналдырған. Қарағандыда ұлттық қауіпсіздік органдары 700-ден астам уақытша тұру рұқсаттарын заңсыз рәсімдеген қылмыстық топты анықтады. Бұл топқа ХҚКО, медициналық ұйымдар мен түрлі делдалдар қатысып, жалған анықтамалар мен тіркеулер жасап, ақы алып отырған. Астана қаласындағы бір пәтерге 937 шетелдіктің тіркелуі соның бір дәлелі.

Үкіметке депутаттық сауал жолдаған сенатор Бибігүл Жексенбай: «Көші-қон саласында әшкереленген әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді. Шекара қызметі, құқық қорғау органдары және жергілікті атқарушы билік арасындағы бірлескен жүйелі жұмыстың жоқтығын айғақтайды.

Біріншіден, Еуропа елдеріндегідей біліктілігі жоқ жұмыс күшін әкелуге тыйым салмасақ та, шектеуді күшейтуді ұсынамыз. Екіншіден, заңсыз көші-қонның алдын алу үшін шекара бекеттерін күшейтіп, оларды жоғары технологиялы құрал-жабдықтармен (дактилоскопия, көз қарашығын сканерлеу және геолокация арқылы бақылау жүйелері) жабдықтау қажет. Бұл арқылы мигранттардың ел ішіндегі қозғалысы мен кету күні, орны, бағыты туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік туады. Сондай-ақ орталықтандырылған ақпараттық деректер базасын құруды қарастыру керек. Үшіншіден, заңсыз көші-қон мен адам саудасын ұйымдастырушыларға, жалған құжат жасаушыларға қатаң жаза тағайындау қажет. Төртіншіден, ықтиярхат алу мақсатында қиылған жалған некелердің алдын алу үшін шетелдіктермен неке қию мен ажырасу фактілерін мұқият тексеру керек. Бесіншіден, көші-қон үдерістерін автоматтандыру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін жетілдіріп, қолда бар жүйелерді өзара интеграциялау қажет. Алтыншыдан, мигранттарға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігі оларды қылмыстық топтардың құрбаны етумен қатар, көші-қон қызметінің жұмысын қиындатады. Сондықтан бұл бағытта үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, жүйелі жұмыс жүргізу қажет», – деді сенатор.

Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

РУХАНИЯТ

БАКУДЕ ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

«Қарабақ» деп аталатын поэманың авторы – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақпарат және мәдениет салаларының үздігі, «Серпер» сыйлығының иегері, ақын, аудармашы Саят Қамшыгер. Оның бұл туындысы Әзірбайжандағы «Аймақтық құқықтық және экономикалық ағарту» қоғамдық бірлестігі мен Дүниежүзілік жас түрік жазушылар одағының бастамасымен әзірбайжан тіліне аударылып, Баку қаласындағы «CN-Poliqraf» баспасынан кітап болып басылып шықты.

Бауырлас ел Әзірбайжанның тарихы мен мәдениетін, Қарабақтың азаттық пен ерлік жолын, батырлардың қаһармандығын, түркі халықтарының бірлігін жырлайтын поэманың аудармашысы ақын, журналист Елшан Әзім. Жобаның жетекшісі – ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әкбар Қошалы, редакторы – ақын, профессор Расмия Сабыр, дизайнері – Жасарат Қасымов.

«Бұл поэма екі жылғы ізденістің жемісі, оны көп кітаптар оқып, интернеттегі материалдарды саралап барып жаздым. Сондай-ақ бірнеше рет Әзірбайжанға арнайы барып, снарядпен атқыланған жерлерді өз көзіммен көріп, әскерилермен кездестім. Шейіт болған жауынгерлердің отбасымен сөйлесіп, құрбан болған сарбаздардың зиратына зиярат еттім. Қарабақта шейіт болған қазақ батыры Ербол Барымбетовтің інілерімен, ұстаздарымен, достарымен әңгімелестім. Осындай ізденістерден кейін поэма екі айда жазылды. Оның жазылуына рухани қолдау көрсеткен марқұм, Әзірбайжан Милли Мәжілісінің депутаты, Мәдениет комитетінің төрайымы, әзірбайжан халқының ардақты қызы Ганира Пашаева болды», – дейді Саят Қамшыгер. Оның айтуынша, кітаптың алғысөзін «Аймақтық құқықтық және экономикалық ағарту» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Арзу Бағырова жазған. Ал сарапшылары – Дүниежүзілік жас түрік жазушылар одағының төрағасы Интикам Яшар мен Тариел Ахмедов. Үйлестірушілері – Нилуфәр Ләтиф пен жазушы Етибар Мұрадханлы болды.

Қазақ ақынының поэмасы әзірбайжан тіліне аударылып, кітап болып басылып шыққанын бірінші Әзірбайжан елінің бұқаралық ақпарат құралдары жариялады. Енді Қазақстанда да, Әзірбайжанда да кітаптың таныстырылымы жасалып, автордың қатысуымен оқырмандармен кездесулер мен түрлі әдеби және қоғамдық іс-шаралар өтеді деп жоспарлануда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ГЕНДЕР

Гендерлік теңдік қарапайым тілмен айтқанда әйел мен ер азаматтың үйлесімді өмір сүруі. Отбасында болсын, жұмыс орнында болсын Қазақстанда гендерлік теңдікке толықтай кепілдік берілген. ҚР Конституциядан бастау алатын мемлекеттің заңдары қашанда әділетсіз қоғамға, сол қоғамдағы өктемдікке, гендерлік теңсіздікке қарсы.

ҮЙЛЕСІМ БАР ЖЕРДЕ ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАР

Мемлекеттің гендерлік саясат негізінде әйелдерге ерлермен теңқұқық берілген, олар қоғамдағы барлық міндеткерлік пен игілікті қоғамның өзге мүшелерімен қатар көреді. Бүгінгі таңда әйелдер барлық салада белсенді. Саясатта да, кәсіпкерлікте де, құқық қорғау саласында да, қорғаныс пен заң бөлігінде де, әлеумет пен мәдениетте де әйелдер ерлермен тең дәрежеде еңбек етіп, табыс тауып ел құрметіне бөленіп жүр. Демократиялық, зайырлы және құқықтық елдің еңсесі тіктеліп, мерейі үстем болса оған осындай қоғамдық үйлесімнің де үлесі сіңді.

Әйел қауымы қазақ қоғамының ілгерілеуіне, дамып өркендеуіне, бәсекеге қабілетті жас мемлекеттер қатарына қосылуына үлкен үлес қосып келеді. Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербеткен ана, ару, бойжеткен бүгінде мемлекеттік басқару ісін де дөңгелентіп отыр. Олар тек қызметте ғана емес, өз отбасында да ұйытқы, береке бастауы. Қазіргі таңда халықтың демографиялық өсіміне де елеулі еңбек сіңіріп отырған арулар бар. Әйел отбасының берекесі, құндылығы деп бекер айтпаймыз.

Мемлекеттік саясат гендерлік саясатты өзінің айнымас, ажырамас сенімді бір бөлігіне айналдырды. Себебі елдегі теңқұқылық әйелдер қауымының тынысын ашты, мүмкіндігін кеңейтті. Мемлекеттің ұлттық идеологиясы мен негізгі түпқазығы да осы гендерлік саясаттан бастау алады. Ер мен әйел иық тірестіре жүріп, өз елінің гүлденуіне, кемелденіп, ұрпағының әлемдік бәсекеде оза шабуына атсалысуда. Береке мен бірлік орнаған жерде тұрақтылық пен бейбітшілік салтанат құрады. Бұл ретте мемлекеттің гендерлік жүйесі озық үлгіде өз міндетін атқаруда.

Бүгінгі таңда елдегі әйелдердің рөлін бұдан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын шешімдер қабылдануда. Қазақстандағы гендерлік стратегия ер мен әйелдің құқығын теңестіре отырып, жаңа мүмкіндіктер мен тың басымдықтарға жол ашты. Гендерлік саясаты мығым елде барлық сала дамиды. Себебі, қоғамды алға сүйрейтін де, биікке көтеріп мәртебесін асқақтататын да осы теңдік, осы үйлесім. Үйлесім бар жерде бақ береке бар. Гендерлік теңдік мемлекеттің дамыған елдер сапынан екенін көрсетеді. Қазақстан бұл мәселеде үнемі отбасы құндылығы мен, ана – әке – бала үш тағанын алға шығарады. Үштіктің біріксе алмайтын қамалы жоқ. Қамалы берік, отбасы тұтас қоғамды жау алмайды.

Нури ОМАРБЕКОВ,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

БАҒДАР

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСЕДІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың құқықтарын сапалы қорғау мақсатында жекелеген кассациялық соттар құрудың маңыздылығын атап өтті.

Кассациялық соттардың құрылу мақсаты – сот жүйесінің жұмысын жетілдіру және сот төрелігіне халыққа қолжетімділігін арттыру. ҚР Жоғарғы Соты сот жүйесіндегі цифрландыру жетістіктерімен тоқтап қалмай, сот төрелігіне сенімді нығайту үшін қосымша механизмдерді зерттеп іске асыруда.

Қазіргі таңда Жоғарғы Соттың жетекшілігімен «Дербес кассациялық соттарды құру жөніндегі іс шаралар жоспары» бекітіліп, орындау жұмыстары жүріп жатыр.

Кассациялық соттарды құрудың басты мақсаттары:

Кассациялық соттар сот шешімдеріне қосымша тексеру арқылы заңдылық пен әділдікті орнату;

Жоғарғы Соттын жүктемесін азайту, яғни тікелей кассациялық шағымдармен істерді қарау міндеттері кассациялық сотқа артылуы;

Кассациялық соттар сот шешімдерінің сапасын жақсартуға және заңдардың дұрыс әрі біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бастысы кассациялық сот толық тәуелсіз болады. Жаңа реформа негізінде елордада қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша үш кассациялық сот құрылмақ. Кассациялық тәртіптегі істер алдын ала қараусыз, бірден үш судьядан тұратын алқаға жіберіледі және алты айдан аспайтын мерзімде қаралады. Бұл жүйе 1 шілдеден бастап іске асырылады.

Бұл реформа әділетті сот жүйесін күшейтіп, азаматтардың құқықтарын жақсартуға бағытталған. Қазақстанда енгізіліп жатқан кассациялық соттар – сот жүйесін жаңғыртуға арналған жаңа инстанция.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жанар ТАСУБАЕВА,
Риддер қалалық сотының судьясы

АСЫЛ ҚАЗЫНА

ТІЛ ҮСТЕМДІГІ ЗАҢМЕН ҚАДІРЛІ

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін ана тілімізді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды ұрпақ болашағы, ұлттық мүдде үшін қазақ тілін жаңғыртуға жанжақты жағдай жасалатындығына тоқталған болатын.

Ендеше, тіл саясаты – мемлекеттік саясат, ол егеменді еліміздің берік арқауы, демографиялық, әрі саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ықпалды күш.

Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, тұғырын биіктету жолында әрбір қоғам мүшесі, осы елдің азаматы үлес қосуы тиіс. Мемлекеттік тілдің негізгі әрі басты мәселелері Конституция жүзінде, «Тіл туралы» заң жүзінде шешімін тапқанымен, күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғандай, тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру үшін оны әлі де жетілдіріп, толықтыра түсу қажеттілігі туындап отыр. Солардың бірі – мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді білу жөнінде міндеттің қойылуы.

Тілдің үстемдігі заң арқылы ғана қалыптасады. Заң жазылмаса, арнайы баптар қабылданбаса, мемлекеттік тілдің үстемдігін қалыптастыру мүмкін емес. Заңның салмақты болатын тұсы оның міндеттеуінде жатыр. Міндет бар жерде талап та болады. Егер сондай заң қабылданып, талап енгізілсе, қазақ тілінде сөйлейтін мемлекеттік қызметшілердің қатары көбейер еді.

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ұйымдастыруымен жыл сайын Қазақстанның әр аймағында мемлекеттік қызметшілердің тілдік білім деңгейлерін анықтау мақсатында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілінен тестілеу сынақтары жүргізіліп отырған болатын. ҚАЗТЕСТ арқылы қазіргі таңда алдын ала байқау сынақтары арқылы белгілі бір топтағы (мекеме қызметкерлері, басшылық, жекелеген тапсырыс берушілер және т.б.) адамдардың қазақ тілін қандай деңгейге жақын меңгергендігі туралы мәліметті оперативті түрде анықтауға болады. Осының негізінде кімді қандай топта қазақ тілін оқыту қажеттігі анықталады.

Бұл да мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тіл меңгеру деңгейін көтереді. Одан әрі осы жүйемен тұрақты түрде мемлекеттік тілді оқытуды жалғастыру керек.

Өмірхан ЖҰБАТҚАНОВ,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

РЕФОРМА

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАСАМПАЗДЫҚҚА БАСТАЙДЫ

Еліміздің құқықтық жүйесі тың жаңашылдықпен толықты. 1 шілдеден бастап еліміздің құқықтық жүйесінде алғаш рет 3 жаңа кассациялық сот жұмысын бастайды.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

Кассациялық сот дегеніміз – сот шешімдерін қадағалайтын және түзететін сот жүйесінің бір түрі. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады. Бұл сот неғұрлым тәжірибелі судьялардан құрылады. Биыл 22 қаңтарда Жоғары Сот Кеңесі судьялардың 87 бос лауазымына конкурс жариялады. Кассациялық сатыдағы сот шешімдердегі нормалардың сақталуын тексеруге баса назар аударады. Сонымен қатар кассациялық сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Кассациялық сатының өкілеттіктері: кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды; сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыру кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Осы тұрғыда, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьялары жаңа соттың құрылуы мен қызметі жөнінде халыққа түсіндірме беру мақсатында мемлекеттік мекемелерде, бұқаралық ақпарат құралдарында шаралар өткізді. Атап айтқанда, Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасында адвокаттардың, заң консультанттары мен бизнес қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен «Кассациялық соттар құру бойынша мәселелерді талқылау» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізді, теле-бағдарламаларда сұхбаттар берді, сонымен қатар аудандық, облыстық және республикалық басылымдарда мақалалар жариялады. Әлеуметтік желілерде ақпараттар шығарды.

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

«2025 жыл – Ислам және отбасы құндылығы» жылы деп жарияланған еді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының айтуынша, әрбір адам үшін ұшқан ұясының орны бөлек. ҚМДБ «Ислам және отбасы құндылығы» жылы аясында балаларға арналған «Менің сүйікті отбасым», «Отбасы бақыты» деген кітаптар шығарады. Сондай-ақ батагөй ақсақалдар арасында II республикалық бата беру байқауын «Ислам және отбасы», «Ислам және рухани құндылықтар», «Жастарды кәсіпке баулу жолдары», «Әкеме мың алғыс», «Анама мың алғыс» және тағы басқа да түрлі тақырыптарда әрқилы іс-шараларды ұйымдастырады.

«Біз ерекше қажеттілігі бар жандарды елеусіз қалдырмауға тырысуымыз тиіс. Олар да отбасының, қала берсе қоғамның мүшесі. Мен өңірлерге барған сапарымда мүгедектігі бар жандармен кездесіп, сұхбаттасамын. Олардың өтініші бойынша өткен жылғы бағдарлық баяндамамда заңып жандар үшін мешіт жанынан «брайль» әдісімен Құран үйрету курстарын ашуды тапсырған болатынмын. Аллаға шүкір, бұл бастама кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді», – деген еді Бас мүфти жыл басында дін қызметкерлеріне жолдаған дәстүрлі бағдарлық баяндамасында.

Жақында Шымкент орталық мешітінде «Отбасылық кеңес беру орталығы» ашылды. Оның негізгі мақсаты – отбасын құрған азаматтарға ұлттық салт дәстүр негізінде тәлім-тәрбие беру, соның ішінде рухани күйзеліске ұшырағандарға рухани қолдау көрсету, ер мен әйел міндеттері, ана болу, бала тәрбиесі, отбасылық өмір сияқты әрқилы құндылықтар жөнінде кеңес беру. Мұндай орталықтар қазір қаладағы «Байғұт баба», «Ордабасы», «Қождан ата», «Исамиддин баба», «Темірші ата» мешіттерінде де ашылып, қысқа уақытта 150 отбасыға кеңес берілді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

КИЕ

ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ СИМВОЛЫ

Мемлекеттік тіл – елдің бірлігін нығайтушы негізгі факторлардың бірі. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Бұл жерде әртүрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, бір мақсатқа ұмтылып келеді. Дегенмен, елдің болашағы үшін ортақ тіл болуы қажет, ол – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру арқылы халық арасындағы байланыс күшейіп, түсініспіс артады. Тіл – ұлттың жаны мен болмысын бейнелейтін ең басты құрал болғандықтан, оны сақтау, дамыту және кеңінен қолдану маңызды.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің рөлі күннен-күнге артып келеді. Қазақстанда білім беру саласында, мемлекеттік басқаруда, ақпарат құралдарында қазақ тілінің қолданылу ауқымы кеңеюде. Мемлекеттік мекемелерде құжаттардың басым бөлігі қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл – мемлекеттік тілдің мәртебесінің жоғары екенін көрсететін маңызды қадамдар. Қазақ тілін білу – әрбір қазақстандықтың парызы. Біз өз тілімізді құрметтеу арқылы ұлттық құндылықтарымызды сақтаймыз. Қазақ тілін меңгеру тек қазақ халқына ғана емес, елімізде тұратын барлық азаматтарға да маңызды. Көптеген өзге ұлт өкілдері қазақ тілін үйренуге ниет білдіруде. Бұл – елімізде тілге деген құрметтің артып келе жатқанын көрсетеді.

Қазақ тілінің болашағы жарқын болуы үшін оны дамытуға барынша күш салуымыз қажет. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру үшін: қазақ тілін отбасыдан бастап үйрету керек. Білім беру жүйесінде қазақ тілінің қолданысын күшейту маңызды. Қазақша кітаптар мен ғылыми еңбектердің санын арттыру қажет. Күнделікті өмірде қазақ тілінде сөйлеп, оны насихаттау қажет. Егер әрбір қазақстандық қазақ тілін құрметтеп, оны күнделікті өмірде қолданса, онда біздің мемлекеттік тіліміз шын мәнінде ұлт бірлігінің символына айналады.

Н. ЖАҚСЫЛЫҚ,
Ақтөбе қалалық мамандардырылған тергеу сотының жетекші маманы

БАСҚОСУ

«Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері» тақырыбында республикалық семинар өтті.

МАРАПАТТАУ РӘСІМДЕРІН БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Екі күндік семинарға еліміздің барлық өңірлерінен мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі мен Сауда және интеграция министрлігінің өкілдері, Мәжіліс депутаттары мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық наградалар геральдикасын талқылау, оларды насихаттау, ұлттық стандарттар мен заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ адал еңбек иелерін марапаттау рәсімін біріздендіру.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда геральдика мәселесіне бірнеше мәрте тоқталып өткен болатын. Мәселен, Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда өңірлік нышандарды жүйелеу мәселесін көтерсе, таяуда Бурабайда өткен жиында ведомстволық марапаттарды ретке келтіруді тапсырды.

Жиын барысында өңірлік нышандарды заң талаптарына сәйкес бекіту және оларды біріздендіру, мемлекеттік рәміздерге қатысты құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтап, тиісті шаралар қабылдау, мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі мен ұлттық стандарттардың сақталуы, сондай-ақ Мемлекеттік рәміздер күнін мерекелеу мәселелері талқыланды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

СӨЗДІК

«ҚАТЕЛЕР СӨЗДІГІ» – САУАТТЫ ЖАЗУҒА БАҒДАР

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық актілер қазақ және орыс тілдерінде әзірленуге тиіс екені белгілі. Талап орындалғанымен, НҚА мәтіндерінің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларында бір терминнің бірнеше терминнің баламасы ретінде қолданылуы, тілдік ерекшеліктің, тілдің ішкі мүмкіндіктерінің ескерілмеуі сияқты кемшіліктер анықталып жатады.

Заңнаманың осындай кемшін тұстарын еңсеру мақсатында жарық көріп жатқан Мақсұт Нәрікбаев университетінің ассистент-профессоры, заң ғылымдарының магистрі Сағидолла Баймұраттың «Қазақ-орыс заң сөздігі: заңнамадағы қателер мен түсіндірмелер» атты еңбегі заңнаманың қазіргі тілдік болмысын көрсетуге, яғни ағы мен қарасын ажыратуға арналған.

Автор еңбегінде сөз, термин қолданыстарына «ереже-мысал» келтіріп, дұрыс-бұрыстығын бағалаған. Сөздіктегі терминдердің қай НҚА-да кезедесетіні, қазақ және орыс тіліндегі терминдердің әркелкі қолданыс саны да нақтыланып, көрсетілген. Жекелеген терминдерді комментарийсіз қалдырып, оқырманға пікір білдіріп, баға беруді ұсынған.

С. Баймұраттың «Қателер сөздігі» – заңнаманы қазақ тілінде әзірлеуге және сауатты жазуға бағдар беретін жаңа форматтағы бірегей ғылыми еңбек, кәсіби маманның бірнеше жылдық жұмысының өнімді нәтижесі. Бұл – заңнама тілін, терминологиясын дамытуға қосылған соны үлес. Сөздік заң саласындағы жоғары оқу орындары мен заң факультеттерінің студент, магистрант, докторанттарына, заңгер, тіл мамандары мен аудармашыларға арналған.

Ұлбала ӘЛІШЕВА, «Заң газеті»

МҰРАГЕРЛІК

2. 13.10.2024 жылы Ажибаева Мейрамкуль Мусаевнаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер, тел. 87052700001.

6. 2024 жылдың 20 қазанында қайтыс болған Есентаев Ғалымжан Рахматуллаұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

10. 2024 жылдың 28 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Куспанов Кужагалий Кажимовичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін, Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ЖОҒАЛТУ

20. «Актобеоргсинтез» ЖШС-нің БСН 010540009805 (РНН 061800105242) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ТАРАТУ

3. «Aport Distribution» ЖШС (БСН 150340019972) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Ратушной көшесі, 16-үй, тел. 87715070059.

7. «Astana Tower's Coffees» ЖШС (БСН 160240012913) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды (құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі «Astana Tower's Coffees» ЖШС 31.12.2024 ж. №8). Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Самал шағын ауданы, 12-ғимарат, тел. 87017297248.

8. «Tengri Mining» ЖШС (БСН 241140033289) Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық ауылдық округі, Балпық би ауылы, И.Шадрин шағын ауданы, 5-үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық ауылдық округі, Балпық би ауылы, И.Шадрин шағын ауданы, 5-үй, 1-пәтер бойынша қабылданады. Тел. 87771275111.

11. «БК СУНКАР» ЖШС (БСН 231040014079) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 133-ғимарат.

13. «Экологический Технологический Центр» ЖШС (БСН 050340005812) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Назарбаев даңғылы, 216-үй, 13.

14. «БатысТехМаш» ЖШС (БСН 130640004298) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 97-үй, 5-кеңсе.

15. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімі» ММ Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің Павлов бастауыш мектебі» КММ-нің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абай көшесі, 70, телефон 8(71444)24235, ЖСН: 020740002301.

16. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімі» ММ Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің Ресей бастауыш мектебі» КММ Ұзынкөл ауданының Мүсірепов көшесі, 16 ғимаратының таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абай көшесі, 70, телефон 8(71444)24235, ЖСН: 970240002073.

18. АҚ «Региональный центр государственно-частного партнерства Карагандинской области» (БСН 100140000945) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қазыбек би атындағы ауданы, Алиханов көшесі, 13, тел. 87212506699 (вн. 6262).

19. «AG Финанс Кредит – Ломбард» ЖШС (БИН 180740032820) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігіне ерікті түрде жүгінетіні туралы хабарлайды. Лицензия нөмірі № 06.21.0003.Л, 24.02.2021 жылы берілген.

ӘРТҮРЛІ

4. «ЛОМБАРД-ПАРТНЕР» ЖШС (БСН 030740005764) жарғылық капиталдың 50 000 000 (елу миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Степной 3 шағын ауданы, №8, №8 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 87053222313.

5. «Қазсушар» РМК Қостанай филиалы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 4 қарашадағы бұйрығына сәйкес 262-НҚ нөмірі 2025 жылғы 19 наурыздағы бұйрыққа сәйкес 2025 жылғы 1 сәуірден бастап 1,82 теңге/текше м (ҚҚС-сыз)мөлшерінде тірек гидротехникалық құрылыстардың көмегімен ағызу 74-НҚ нөмірі жер үсті экономикасын реттеу жөніндегі қызметтерге тарифтің енгізілгені туралы хабарлайды.

9. Алматы қаласы, Алатау аудандық сотымен, Сергей Геннадиевич Юштаның арызы бойынша, 1947 жылдың 21 ақпанында туылған Геннадий Алексеевич Юштаны қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. Осыған орай, хабарлама жарыққа шыққан күннен бастап үш ай ішінде, 1947 жылдың 21 ақпанында туылған Геннадий Алексеевич Юштаның қай жерде жүргені жайлы мәліметке ие тұлғалардан, Алматы қаласы, Алатау аудандық соты, мына мекенжай бойынша хабарлауын өтінеміз: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ-2 ықшам ауданы, Жанкожа батыр көшесі, 26/1 үй, тел. 87772066156.

12. 2025 жылғы 27 наурыздағы Қарағанды облысының СІМЖ анықтауымен «Найдоровское» ЖШС-де (БСН 000440005381) оңалту рәсімі басталды. Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Ақпан ауылы, Нижняя көшесі 2/1.

17. Атырау-Жас отау» ЖШС (БСН 130140008361) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 060010, Атырау қаласы, Нұрсая ықшам ауданы, Т.Жұмағалиев көшесі, 21-үй, 2-кеңсе.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультеті кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының ұжымы осы кафедраның доценті, заң ғылымдарының кандидаты

ҚУАНДЫҚОВ Қалдарбек Жүнісбайұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

**ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz**

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.



(Соңы. Басы №18, 22 сандарда)

– Жоқ, Айжан. Өте алмайсың.

– Ескерттім. Өзіңнен көр! – деді де Айжан жұлқынып орнынан тұрып кетті.

Абылай жойпат төңкерісті бастан кешті. «Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» дегенде қазақ жақсы қызды жаман күйеу бұзатынын меңзесе керек. Бірақ Айжан сияқтылар күйеусіз-ақ жаман қатынға айналады екен.

* * *

Ауыр ойлардың шырмауына түскен Абылай таң алдында әзер ұйықтады. Таңертең Серғали телефон соғып, тез арада «басқармаға» келуін өтінді.

– Кеше менің көмекшім Асылдың өлі денесі табылды, – деді Серғали мұны көре салысымен. – Тоғайдағы алаңқайда жанған оттың жанында жатыр екен. Беті отқа қақталып қалған, қаңғыбас иттер денесін боршалап тастапты.

– Денені кім тауыпты? – деді Абылай орындыққа отырып жатып.

– Саңырауқұлақ теруші қария.

– Өлік көрсе, тұра қашатын, ол жайлы ешкімге тіс жармайтын адам көп. Тіпті өлікті тінтіп, бағалы заттарын алып кететіндер де бар. Ол қария жақсы адам екен.

– Тұра қашатындарды түсінем. Тіс жармайтыны не себепті?

– «Пәлелі жерге бармағыңды тықпа. Тырнағың қалар ішінде» деген сөз бар. Қорқынышты жағдайға байланып қалудан қашады адамдар. Көп қылмыстың ашылмай қалуының бір себебі сол. Ол қарияны табу керек. Сөйлесу керек.

– Оны не қыласыз? Оның менің ісіме не қатысы бар? Менің көмекшім өлді, оны өлтірді. Түсінсеңізші. Маған баскесерлер жақындап келеді. Сіз мені құтқаруға міндеттісіз. Шалды іздеп, уақыт жоғалтпаңыз.

Серғалидың дауысы шіңкілдей шықты. Тыпыршып, бөлмеде ерсілі-қарсылы жүруде.

– Тығылуым керек. Қайда барсам екен? Тауып алады ғой. Олар сондай... Сондай... Қайтсем екен? Сен... Сіз маған тығылуға көмектесіңіз. Таныстарыңыз бар шығар. Мені түрмеге жапсын. Жол ережесін бұзайын. Дөрекі түрде бұзайын. Тәртіп сақшыларын балағаттайын. Неге түк болмағандай аңырып отырсыз? Құтқарыңыз мені! – деп басшы подполковникке ашулана қарады.

– Саспаңыз, бір амалын табармыз, – деді Қайсенов зілді үнмен.

* * *

Абылай үшін бұл іс тым ауыр болып кетті. Бірақ соңына дейін жеткізу керек. Әділдік үшін күрес ешқашан тоқтамайды. Жедел топқа телефон соғып, Асыл жайлы сұрады. Оқиға орнына барған Болаттың айтуынша, өлі дене тым ерте табылған, кім екендігі де тым ерте анықталған. Сол қолының білегінде руының атауы жазылған тату бар екен. Тату бір апта көлемінде жасалған. Шикілік көп. Ол іс бойынша іздестіру жұмыстары басталған. Абылай денені тапқан қарияның мекенжайын сұрап білді де, солай қарай тартып кетті. Бес қабатты ескі үйді оңай тапты. Бірінші қабаттағы пәтер қоңырауын ұзақ басты. Іште біреу бар. Үй иесі көз салар саңылаудан Абылайды асықпай зерттеді. Амалы жоқ екендігін түсінсе керек, есікті ашып, орта бойлы, шымыр денелі шал жекіп сөйледі.

– Кім керек?

– Сіз керексіз.

– Тыңдап тұрмын.

– Ішке кіріп сөйлесейік.

– Кір.

Бір бөлмелі шағын пәтер өте жинақы екен. Абылайдың қырағы көзі «Я ненавижу человечество. Я от него бегу спеша...» деген өлең сөздерін оқып үлгерді.

– Саңырауқұлақ қуырып жемейсіз бе? – деді ол ештеңе байқамағандай сыңай танытып.

– Қазір тамақ ішетін уақыт емес. Қонақ келетін де уақыт емес, – деді үй иесі тістене.

– Мен қонақ емеспін. Мен тергеушімін.

– Кімді тергейсіз? Не үшін тергейсіз?

– Сайлаубаев жайлы не білесіз?

– Сайлаубаев... Ол әнебір қайтыс болған жігіт емес пе?

Үй иесі есіне әзер түсіргендей түр танытты.

– Иә. Дәл таптыңыз. Сіз тапқыш екенсіз.

– Мен ол жайлы бар білетінімді тергеушіге айтқанмын. Қосып-аларым жоқ.

– Қосарыңыз бар. Сіз саңырауқұлақ теретін адамға ұқсамайсыз. Тоғайға не үшін бардыңыз?

Қарияның бет-аузы жыбыр ете қалды, бүкірейіп кеткендей болды. Әлден соң бойын тіктеп алды да:

– Менің басқа айтарым жоқ. Есік ана жақта, – деп есік жақты нұсқады.

Кешке Абылайға Болат телефон соқты.

– Әбеке, бөлімге келіңіз. Жаңалық бар.

Абылай құстай ұшып жетті. Есік алдында полиция көлігін көзі шалғанда оң жақ самайы тағы да жыбыр етті. Қария пәтерінің есігі ашық тұр екен. Қара-құрым адам көп. Ішке кіргенде аспашамның ілгегіне ілініп тұрған өлі денені көрді. Болат Абылайдың қолына бір жапырақ қағаз ұстатты. «Өмірден шаршадым. Менің өліміме ешкім кінәлі емес» деп жазыпты.

– Есік өз кілтімен ашылған. Хат өз қолымен жазылған, – деді тергеуші.

* * *

Ертесіне таңертең Болат Абылайға хабарласып:

– Әбеке, Нұрғиса көшесіндегі он екінші үйге келіңіз. Жаңалық бар, – деді.

Келсе үй алдында полиция көлігі мен жедел жәрдем көлігі тұр екен. Екінші қабаттағы пәтер есігі ашық. Ішінде бірнеше қызметкер өз жұмысын атқарып жатыр. Бірі оқиға орнын фотоға түсіріп, бірі дерек болуға жарайтын заттарды жинап, шабаданға салып, бірі көршілердің есігін тықылдатып, куәгерлерді іздестіріп жатты. Бірақ Абылайдың жүрегі ерекше өрекпіді. Пәтер іші қоңыр салқын екен. Бір тылсым күш із кесушіні жатын бөлмеге тартқандай. Кереует үстінде Айжан шалқалап жатыр екен. Сүйріктей саусақтарымен ішін бүріп ұстап алыпты. Көздері аспашамға тесіліп қараған күйі қатып қалған. Ұзақ қиналғанға ұқсайды. Төсек жаймасы көп қатпарланыпты. Үстел үстінде бір жапырақ қағаз жатты. «Өмірден шаршадым. Менің өліміме ешкім кінәлі емес» деп жазыпты. Кішкене үстелде ақ сұйықтықтың жұғындысы бар стакан тұр.

– Қымызға ұқсайды, – деді Болат.

– Болат, тап оны!

Капитан подполковникке таңырқай қарады.

– Сонша қиналса да, жедел жәрдем шақырмапты. Қызық, – деді полицейдің бірі.

– Бөлмеде тағы біреу болған, – деді криминалист Азамат.

– Көршілер не деп жатыр? – деп сұрады Болат сырттан келген көмекшісінен.

– Қарсы пәтердегі апай түнгі он бір шамасында бұл пәтерден орта бойлы ер кісі шығып кеткенін байқапты, – деді ол.

Бірінен соң бірі... Екі өлім... Кісі қолынан қаза болғандар... Екі дене де тым ерте анықталды. Қарияның өлгенін полицияға бейтаныс әйел хабарлапты. Айжанның денесін табуға көршінің иті көмектесіпті. Ол күн сайын итке дәмді тамақ береді екен. Бүгін ит Айжанның есігінің алдында ұлып отырып алғанынан сезіктенген көршілері полицияға хабарлаған. Жасаған жақсылығың тірі кезіңде де, өлі кезіңде де алдыңнан шығады.

* * *

Абылайдың қабырғасы қайысты. Мұншалықты күйреймін деп ойламап еді. Абылай сияқты адамдарға Айнадай жайылып жастық, иіліп төсек болатын адамнан бөлек «Подполковник, жалған сөйлеме!» деп, намысын қамшылайтын адам да керек. Ойын бөліп есік қоңырауы шыр ете қалды. Есікті ашса, курьер екен.

– Қайсенов Абылайхан сізсіз бе? – деп сұрады.

Абылай дір ете қалды. Жүрегі алқымына тығылып, басы айналып, көзі қарауытып бара жатыр екен. Жанына жетіп үлгерген Айна оны сүйемелдеп ұстай алды да, жатын бөлмедегі кереуетке апарып жатқызды. Қан қысымын өлшегесін дәрі ішкізді.

– Жедел жәрдем шақыртайын. Түрің бозарып кетті, – деді.

– Қажет емес.

– Апай, пакетті алыңызшы, – деді әлі де ашық есік алдында тұрған бозбала.

– Жолдама кімнен? – деп сұрады Айна оған жақындап.

– Аноним адамнан.

– Қабылдамаймын.

– Апай, жағдайымды қиындатпаңызшы. Алыңызшы. Шаршап тұрмын, – деп қинала сөйледі беймезгіл есік қағушы.

– Қабылда! – деді Абылай жатын бөлмеден дауыстап.

– Рақмет, апай, – деп анау тайып тұрды.

– Айнаш, не екен ол? Бері алып келші, – деді Абылай дауысын жұмсартып.

Әйелі пакетті алып келіп, мұның жанына қойды да, ішіндегісін сыртқа шығарды. Шыны ыдысқа құйылған ақ түсті сұйықтық екен.

– Қымызға ұқсайды, – деді Айна қақпағын ашып, иіскеп көріп.– Пакет түбінде бір қағаз жатыр. «Қымыз сатушы Қараша көшесіндегі соңғы үйде тұрады, аты-жөні – Жақсылық Дәметкен» деп жазыпты.

Абылай орнынан ұшып тұрып, киімін жүре ауыстырды да, үйден асығыс шығып кетті. Айна соңынан жүгіре шығып, дәлізде қолына жылы күртесін ұстатты да, күбір-күбір етіп шығарып салды. Машинасына отыра салысымен Абылай Болатқа телефон соқты да, белгіленген жерге келуін сұранды. Капитан басқа да қызметкерлерді шақыртатынын айтты. Межелеген жерге Болат екеуі қатар жетті де, алыстан машина жарығын сөндіріп, сырттан бақылап тұрды. Әлден соң қақпа ашылып, ішінен жүк тиелген екі үлкен машина мен бір жеңіл көлік шықты да, жылдамдығын үдете түсіп, қара жолға түсті. Бұдан ары тосса, айырылып қалатынын түсінген Абылай жеңіл көліктің дөңгелектеріне бірнеше рет оқ атты. Болат машинасымен ызғытып көшке жақындап, сыртқа секіріп түсті де, көлік ішіндегілерге айғайлап «Қарсыласпаңдар! Полиция! Машинадан түсіңдер!» – деп бұйрық берді. Абылай да жетіп келіп, машинасын жолға кесе-көлденең тоқтатты да, машинасын қалқалай тұрып, тапаншасын шығарып, қарсыластарын нысанаға алды. Көш тоқтай қалды. Жеңіл көліктен бұларға қарай бірнеше рет оқ атылды. Болат омақаса құлады. Абылай қайта-қайта оқ атып, оларға бас көтертпеуге тырысып бағуда. Осы кезде артқы жақтан бірнеше полиция көлігі жетіп үлгерді. Оққағар жилет киген қызметкерлер ширақ қимылдап, машиналарға жақындады да, ішіндегілерді жұлқылап сыртқа шығарды. Жеңіл көліктің артқы орындығында отырғанының оң жақ самайынан қан тамшылап тұр екен.

– Жіберіңдер! Мен блогермін. Мен Жақсылық Дәметкенмін. Ойнапсыңдар менімен! – деді ол ысылдай.

* * *

Бір күннен соң Абылай ауруханада жатқан Болатқа барды. Оның сол жақ иығына оқ тиген еді. Жараланса да, Болаттың еңсесі түспепті. Қылмыскерлерді құрықтағанына қуанып жатыр екен.

– Болат, сен тым қызбасың. Қызбалыққа салынып, қорғануды ұмытып кетесің. Батыр бір оқтық. Ұмытпа. Сені кеше түн құтқарды. Келесі жолы не құтқарарын білмейсің. Сондықтан өзінді өзің құтқар. Құдай да сақтанғанды сақтайды, – деді Абылай әңгіме барысында.

Екеуі істің жай-жапсарын ақылдасқан соң Қайсенов полиция басқармасына барып, бастықтан Жақсылық Дәметкенмен сөйлесуге рұқсат алды.

– Аты-жөнің ерекше екен, – деді Абылай әңгімені төтесінен бастап.

– Сенікінен тәуірлеу.

– Абылай деген хан болған қазақта.

– Қай адам тап-таза жолмен жүріп хан болып еді? – деді Жақсылық қитығып. Сосын сыңарезуленіп жымиды да, – екеуміздің кездесуіміз Баязит пен Ақсақ Темірдің кездесуіне ұқсас сияқты ма, қалай? Менің есімім Жақсылық. Жақсылықтан ауылым шалғай. Сенің есімің Абылай. Хандыққа ешқашан жете алмассың. Құдай үшін жақсылықтың да, биліктің де құны көк тиын.

– Жақсылық, сен өмірден шаршамадың ба?

– Шаршамадым. Мен оны әлі талай шайқаймын. Шайқап-шайқап алып, сіміріп ішемін. Қымыз сияқты.

– Шайқай алмайсың. Түрмеге тоғытыласың.

– Ол жағын көрерміз. Мені алдын ала қам қылмады деп ойлайсың ба?

– Қандай қам қылсаң да, құтылмасыңа мен кепіл. Айжанды өлтірдің, әкесін өлтірдің, Асылды өлтірдің. Болатты өлтірмек болдың. Мойныңа асылған жүк көп.

– Өлгендердің саны үшеу деп ойлайсың ба? Ақымақ! Мен іші қуыс адаммын. Қанша жүк артылса да, қалқып шығам. Көр де тұр. Менің шыққанымды қалайтындар батқанымды қалайтындардан көп. Осындай істі мен бір өзім істеді деп ойлайсың ба?

– Қолдаушыларың үшін сен қазір керек емес куәсің. Сенен құтылуға тырысады.

– Тырыспайды. Себеп – мен оларға қарсы дерек бермеймін.

– Олар саған не үшін көмектесті? Ақшаны бөлісу үшін бе?

– Жоқ. Оларға керегі ақша емес. Оларға керегі – қызық.

– Тек қызық үшін сенімен бірге атысып, жұлысты ма?

– Сен шынында да ақымақ екенсің. Олар алысқан да, жұлысқан да жоқ. Олар алысқыштар мен жұлысқыштарға ақша берді. Тағы бір жай – олар бұл іске құлшына кірісті. Соған қарағанда сенің ескі таныстарың ғой деймін. Серғали тым осал адам. Ондайларда мықты дос түгілі, мықты дұшпан да болмайды. Ал сен есіңе түсір, ойлан, аңғар. Жел қайдан соғып тұр екен? Мен мұнда отырмас едім, Айжан сенімен шатаспағанда. Қатын араласқан іс ешқашан оңған емес. Ол жезөкше жазасын алды.

Абылай орнынан атып тұрып, Жақсылықтың жағасына жармаса кетіп, қылғындыра жөнелді де:

– Өз қолыммен буындырып өлтірем! Сілімтік! – деді бетіне бетін тақап.

Бөлмеге қызметкерлер жүгіріп кіріп, Абылайдың қолына жармасты. Тергеуші қолын әзер босатты.

– Солай ма? Әділет сақшысының сөзін қара! – деген Жақсылық шиқылдай күліп, еденге шырт түкіргенде қанды қақырық еденге былш ете қалды.

Абылай қызметкерлерге қарап, иек қақты. Олар сыртқа шығып кетті.

– Мені өлтіргеннен әлем тазара ма? Сен мені ұрдың. Менің қаныммен еден былғанды. Әлемнің тазарғаны қане? Мен жылқыларды сүйем. Текті жануар ғой. Жүз жылқым бар. Қымыз ішем. Артылғанын сатам. Бірақ ол тым аз. Блогер болып, неше түрлі қам жасап, ақша таптым. Ол да аз болды. Шабыт пен Дарынға көп ақша керек. Абылай, асықпа. Көп ұзамай, барымды алып, басқа әлемге ығысам. Құтыласыңдар менен. Маған обыр ауруы жабысқан. Әлем де обырдан таза емес. Кетер алдында балаларыма қор жинап бермек болғам. Іс-әрекетімнің негізгі себебі сол. Әзірше ұпай бір де нөл болып тұр. Бірақ ойын әлі бітпеді, – деді ентіге.

– Жақсылық, сен жеңілдің. Жеңілісіннің басы да, соңы да бұл емес. Сен о баста өзіңнен өзің жеңілгенсің, – деді де Абылай орнынан тұрып кетті.

Үйіне жете бергенде оған басшы телефон соқты.

– Абылай, мені жауап беруге шақырды. Соттамақ болып жатыр. Деректерді оларға сен беріпсің. Сен мені құтқарам деп едің ғой. Мұның не?! – деді айғайлай сөйлеп.

– Құтқарғаным осы деп біл, – деді Абылай.

Болай ТҰРҒЫНБЕК

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6367 дана
Апталық таралым 12 734 дана

Тапсырыс №46 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31